

НҮРЛЫ ЖОЛ

Бақыт - достықта, ырыс - ынтымақта!

1991 жылдың 10 январынан
шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы
Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№77 (3342), сәрсенбі,
24 сентябрь, 2025 жыл

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІН ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА, АШЫҚ СҰХБАТҚА ЖӘНЕ ЖАҚЫН СЕРІКТЕСТІККЕ ШАҚЫРДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 23 сентябрь күні Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорк қаласындағы штаб-пәтерінде жұмысын бастаған БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-мерейтойлық сессиясының жалпы саяси пікірсайыстарында сөз сөйледі.



Сессия төрағасы Анналена Бербоктың төрағалығымен өткен пікірсайыстардың бірінші күнінде БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш, мүше мемлекеттердің жетекшілері — Америка Құрама Штаттарының Президенті Дональд Трамп, Бразилия Федеративтік Республикасының Президенті Луис Инасио Да Силва, Түркия Республикасының Президенті, Режеп Тайип Эрдоған, Оңтүстік Африка Республикасының Президенті Сирил Рамафоса, Корея Республикасының Президенті Ли

Чжэ Мян, Франция Республикасының Президенті Эммануэль Макрон және басқа да мемлекет басшылары қатысты.

Сөз басында Президент Шавкат Мирзияев қатысушыларды БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясы — 80-сессиясымен шын жүректен құттықтады. Ол бұл кездесу Ұйымның қызметіне және оның болашағына жанаша көзқарасты талап ететін тез өзгеретін күрделі жаһандық жағдайда өтіп жатқанын атап өтті.

— Бүгінгі таңда әлемде халықаралық институттардың орны мен рөлі әлсіреп, наразылықтар, қақтығыстар мен соғыстар күшейіп, технологиялық және әлеуметтік теңсіздік күрт артып, экономикалық және гуманитарлық дағдарыстар күшейіп келеді. Мұның бәрі мүлдем жаңа, аlandатарлық геосаяси шындықты тудырып отыр, — деді Өзбекстан басшысы.

Президент Бас хатшы Антониу Гутерриштің БҰҰ-ны ымыраға келу арқылы ең күрделі және өткір жаһандық мәселелерді шешудің негізгі

аланы ретінде сақтау жолындағы күш-жігерін жоғары бағалады. Ол “БҰҰ — 80” бастамаларын толығымен қолдап, еліміздің Болашақ үшін пәкітіне берік ұстанымын растады.

Өзбекстан басшысы заманауи қауіптермен тиімді күресу және дамушы елдердің мүддесін қорғау мақсатында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін өзгертуге және кеңейтуге шақырды.

Мемлекет басшысы Өзбекстанда Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылып жатқан артқа қайтпайтын реформалар барысы тура-

лы егжей-тегжейлі айтып берді. Атап өткендей, демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы Жаңа Өзбекстан құру саясаты жүргізілуде.

— Біздің басты мақсатымыз — елімізде тұратын әрбір отбасының, әрбір азаматтың өмірін түбегейлі өзгерту, адамның қадір-қасиеті мен әлауқатылығын арттыру, — деді Президент.

Өзбекстанның соңғы жылдары кедейшілік деңгейін 35 пайыздан 6,6 пайызға дейін төмендетуге қол жеткізгені атап өтілді. Бұл, ең алдымен, білім және ғылым саласын өзгерту,

инновациялық өндірістер мен технологиялық өнеркәсіптік кәсіпорындарды құру, “жасыл” энергетикалық және көлік инфрақұрылымын жаңғырту, шағын кәсіпкерлікті жан-жақты дамыту және соның нәтижесінде миллиондаған жұмыс орындарының ашылуына байланысты.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреттері.

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Құрметті төрайым ханым!
Құрметті Бас хатшы мырза!
Делегация басшылары!
Ханымдар мен мырзалар!

Сіздерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық — 80-сессиясымен құттықтағанымға қуаныштымын.

Біздің бүгінгі кездесуіміз тез өзгеретін, күрделі жаһандық жағдайда өтуде. Бұл біздің Ұйымның қызметіне және оның болашағына жаңа жанасумен қарауды талап етеді.

Бүгінгі таңда халықаралық институттардың әлемде алатын орны мен рөлі әлсіреп, қарама-қайшылықтар, қақтығыстар мен соғыстар күшейіп, технологиялық және әлеуметтік теңсіздік күрт өсіп, экономикалық және гуманитарлық дағдарыстар көбейіп барады. Мұның бәрі мүлдем жаңа, қатерлі геосаяси шындықты туғызуда.

Біз Жоғары Мәртебелі Бас хатшы Антониу Гутерриштің біздің Ұйымды аса күрделі және өткір жаһандық мәселелерді бейбіт жолмен шешудің негізгі аланы ретінде сақтаудағы күш-жігерін жоғары бағалаймыз.

Осыған байланысты біз “БҰҰ-80” бастамаларын толығымен қолдаймыз және Болашақ пәкітіне берік ұстанымымызды растаймыз.

Біз қазіргі заманғы қауіптермен тиімді күресу және дамушы елдердің мүддесін қорғау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесін өзгертуді және оның құрамын кеңейтуді қолдаймыз.

Құрметті сессияға қатысушылар!
Біз Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы Жаңа Өзбекстан құру саясатын жүргізіп жатырмыз. Осы мақсатта біз кері қайтпайтын реформаларымызды дәйекті түрде жалғастырудамыз.

Елімізде тұратын әрбір отбасының, әрбір азаматтың өмірін түбегейлі өзгерту, адамның қадір-қасиеті мен әлауқатылығын арттыру — біздің басты мақсатымыз.

Соңғы жылдары Өзбекстандағы кедейшілік деңгейін 35 пайыздан 6,6 пайызға дейін төмендетіп алдық. Біз бұған, ең алдымен, білім және ғылым саласын өзгерту, инновациялық өндірістер мен технологиялық өнеркәсіптік кәсіпорындар құру, “жасыл” энергетикалық және көлік инфрақұрылымын жаңғырту, шағын бизнесті жан-жақты дамыту, соның нәтижесінде миллиондаған жұмыс орындарын ашу арқылы қол жеткізіп отырмыз.

Елімізде мектепке дейінгі тәрбиелеу қамту 27 пайыздан 78 пайызға, ал жастарымызды жоғары біліммен қамту 9 пайыздан, 42 пайызға дейін өсті. Ең бастысы, ұстаздар және тәлімгерлік мамандығының беделі мен абыройын күрт арттыруды шешуші мәселе деп санаймыз.

Педагог қызметкерлер арасында тәжірибе мен білім алмасудың бірыңғай халықаралық платформасын құру мақсатында Өзбекстанда Дүниежүзілік кәсіби білім саммитін өткізуді ұсынамыз.

Сондай-ақ біз елімізде озық денсаулық сақтау жүйесін құрамыз. Ертен біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде балалар обьры және басқа да ісік ауруларымен күресуге арналған жоғары деңгейдегі шара өтеді. Оған барлық шетелдік серіктестерімізді шақырамыз.

Тағы бір маңызды бағыт — гендерлік саясат. Біз әйелдердің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі және кәсіпкерлік саласындағы рөлін одан әрі күшейтуді мақсат етіп отырмыз. Кең аймағымыз көлемінде біз Азия әйелдер форумын тұрақты алаңға айналдырып, оны тұрақты түрде өткізуді міндеттеміз.

Тағы да бір нәрсені атап өткім келеді: біз Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттемелерімізге берікпіз. Біз 2030 жылға қарай “табысы ортадан жоғары” ел болуды көздеп отырмыз.

Осы мақсатта біз ашық әрі прагматикалық саясатымызды дәйекті түрде жалғастырамыз.

Ханымдар мен мырзалар! Серіз жыл бұрын біз осы биік мінберден Орталық Азияны бейбітшілік, тату көршілік және серіктестік мекеніне айналдыруға нық ниетімізді білдірген болатынбыз.

Бүгін біз терең қанағатпен айта аламыз: біз бұл стратегиялық мақсатқа қол жеткіздік. Жабық шекара, шешілмей жатқан келіспеушілік, дау-дамай заманы өткеннің еншісінде.

Соңғы жылдары аймағымыздағы өзара сауда, инвестиция, көлік тасымалы көлемі бес есеге артты. Шекаралас аймақтарда бірлескен инвестициялық қорлар, сауда және индустриялық аймақтар құрып, ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырамыз.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Мәслихат кездесулері аймақтық интеграцияны тереңдетудің тиімді механизміне айналғанын да ортақ жетістігіміз деп танимыз.

Бүгінгі таңда Жаңа Орталық Азияны қалыптастыру үдерісі басталды деп нық сеніммен айта аламын.

Аймағымыз өзінің бірлігімен, тұрақтылығымен, бірегейлігімен халықаралық қатынастар жүйесінде жеке тұлға ретінде берік орын алуда.

Алға қойған мақсаттарымызға жету үшін біз барлық шетелдік серіктестерімізбен өзара тиімді қарым-қатынастарды кеңейтуге ерекше мән береміз. Осы орайда біз Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымдарымен аймағымызда бірқатар жаңа жобалар мен бағдарламалар-

ды жүзеге асыруды ұсынып отырмыз.

Атап айтқанда, ЭКОСОС пен ЮНКТАД аясында Орталық Азия елдерінің экономикалық дамуы мәселелері бойынша халықаралық форум өткізуді, ЮНИДО-мен өнеркәсіпте “жасыл” технологиялардың аймақтық хабын құруды, аймағымызда су ресурстарын ұтымды пайдалану, “жасыл” кеңістікті құру, демографиялық тұрақтылыққа қол жеткізу бағдарламаларын қабылдауды ұсынамыз.

Бұл ретте Орталық Азия елдерінің аймақтық серіктестік пен экономикалық интеграцияны тереңдету жөніндегі күш-жігерін қолдау үшін Бас Ассамблеяның резолюциясын қабылдауды ұсынып отырмыз.

Құрметті делегация басшылары! Жаһандық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақты даму туралы сөз қозғағанда, әрине, Ауғанстанды айтпай кетуге болмайды.

Ауған халқының бейбіт және бақаты өмірге деген ұмтылысын қолдау үшін халықаралық қауымдастықтың күш-жігерін біріктіру қажет. Бұл елдің оқшауланып қалуына жол бермеу өте маңызды екенін атап өткім келеді.

Біз Азғанда ірі экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруды көздеп отырмыз. Осы ел арқылы өтетін халықаралық көлік және энергетикалық дәліздерді дамыту туралы Ұйымымыздың жеке резолюциясын қабылдауды ұсынып отырмыз.

Газ секторындағы күннен күнге ұшығып бара жатқан гуманитарлық дағдарысты елемеге болмайды. Біз соғыс қимылдарын тоқтатып, саяси келіссөздерді қайта бастауға шақырамыз. Біз БҰҰ резолюциясына сәйкес “екі халық үшін — екі мемлекет” қағидатын жүзеге асыруды табанды жақтаймыз.

(Жалғасы 2-бетте.)

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫ СЕССИЯСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛІ КЕЛІССӨЗДЕР

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 23 сентябрь күні Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші мерейтойлық сессиясы аясында бірқатар мемлекет басшыларымен және БҰҰ Бас хатшысымен кездесу өткізді.

Америка Құрама Штаттарының Президенті Дональд Трамппен кездесуде Өзбекстан — АҚШ стратегиялық серіктестігін одан әрі кеңейтудің өзекті мәселелері мен басым бағыттары жан-жақты талқыланды.

Аймақтық және жаһандық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша пікір алмасылды. Ағымдағы жылғы 5 сентябрьде өткен телефон арқылы сөйлесу нәтижесінде қол жеткізілген келісімдердің орындалу барысы қаралды.

Әңгіме басында мемлекетіміз басшысы Президент Дональд Трампты ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асырудағы жоғары табыстарымен шын жүректен құттықтады. Оның халықаралық және аймақтық ауқымдағы өткір жанжалдарды бейбіт жолмен шешуге қосқан жеке үлесі мен күш-жігері ерекше атап өтілді.

Өз кезегінде АҚШ басшысы экономиканы жаңғыртуға, халықтың әлауқатын арттыруға, Жаңа Өзбекстанның халықаралық беделін арттыруға бағытталған артқа қайтпайтын реформаларды тағы да қолдады.

Түрлі деңгейдегі саяси диалог пен алмасулар қарқынды дамып, іскерлік байланыстардың жанданғаны зор қанағаттанушылықпен атап өтілді.

АҚШ Президенті кеше Өзбекстан басшысының АҚШ-тың 50-ден астам ірі компаниялары мен банкітерінің басшыларымен өткізген кездесулері мен келіссөздерінің жемісті нәтижелерін жоғары бағалады.

Азаматтық авиация, тау-кен өнеркәсібі, негізгі пайдалы қазбалар, қаржы, инновациялар, химия, энергетика және басқа да басым бағыттар бойынша келісімшарттар мен болашағы зор жобалар портфелі қалыптасты.

Бұл жобалар мен келісімдер екі елде ондаған мың жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретіні баса айтылды.

(Жалғасы 2-бетте.)



ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЯЕВТЫҢ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Украинадағы жағдай да баршамызды қатты алаңдатып отыр. Біз бұл мәселені дипломатиялық жолмен шешу үшін жоғары деңгейдегі диалогтардын басталғанын құптаймыз.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Орталық Азияда жаһандық терроризмге қарсы стратегияны жүзеге асыру бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізілуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының Терроризмге қарсы күрес кеңсесімен бірлесіп Оналту және қайта интеграция бойынша аймақтық кеңес құрылды. Біз оны Халықаралық құзырет орталығына айналдыруды ұсынып отырмыз.

Бұл құрылым проблемалық аймақтардан оралған адамдарды бейбіт өмірге бейімдеу бойынша тәжірибе алмасудын маңызды алаңы болады.

Сонымен қатар Өзбекстанда терроризмге қарсы департаменттің аймақтық өкiлдiгiн ашу үшiн қажеттi жағдай жасауға дайынбыз.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Кауіптерге толы бүгінгі әлемде жаһандық көлік жүйесінің қаншалықты нәзік екеніне көз жеткізіп отырмыз. Бұл проблемалар, ең алдымен, теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің тұрақтылығына кері әсерін тигізеді.

Халықаралық транзиттік дәліздердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиімді логистикалық тізбектерді құру маңызды болып табылады. Осыған байланысты “Тұрақты даму мақсаттары үшін өзара көліктік байланысты нығайту” жаһандық механизмін енгізудің уақыты келді деп есептейміз.

Мен сондай-ақ климаттың өзгеруінің шиеленісіп бара жатқан мәселелеріне тоқталғым келеді. Әсіресе, Арал теңізінің құрғауының келеңсіз салдары халықаралық қауымдастықтың тұрақты назарында болуы тиіс. Біз Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру жұмыстарын дәйекті түрде жалғастыраудамыз.

Сонғы жылдары құрғаған теңіз түбіне 2 миллион гектар жерде

тұзға төзімді шөл өсімдіктері өгілді. 2030 жылға қарай бұл аумақтың 80 пайызы жасыл жамылғыға оранады. Тағы бір маңызды мәселе — су ресурстарының тапшылығы. Қазір әлемде екі миллиардтан астам адам таза ауызсуға қол жеткізе алмай отыр.

Елімізде дүниежүзілік Су форумын өткізуді жоспарлап отырмыз. Осы конференцияның қорытындысы бойынша су дағдарысын тұрақты дамуға елеулі қатер ретінде белгілеу жоспарлануда. Осыған байланысты біз жаһандық деңгейде инновациялық технологияларды енгізудің жеке “жол картасын” қабылдауды көздеп отырмыз.

Экологиялық өзгерістердің тағы бір жағымсыз көрінісі климаттық миграцияның күшеюі. Өкінішке орай, бұл бағытта нақты халықаралық механизмдер мен құқықтық база әлі жасалмаған. Біз осы маңызды мәселе бойынша кең ауқымды халықаралық серіктестік пен келісілген саясат үшін Жаһандық пакт қабылдауды жақтаймыз.

Құрметті кездесуге қатысушылар!

Елдер арасындағы цифрлық даму мен жасанды интеллектті пайдаланудағы теңсіздіктің алдын алудың маңызы зор.

Біз денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларында жасанды интеллекттің практикалық шешімдері мен үлгілерін бейтарап алмасуға бағытталған халықаралық ынтымақтастық механизмін құруды ұсынамыз.

Тағы бір басым мәселеге жеке тоқталғым келеді.

Біздің болашағымыз, әлемнің тағдыры мен игілігі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында. Жастарымыздың санасына татулық, адамгершілік пен достық, өзара сенім мен сыйластық сияқты асыл идеяларды сіңіру — біздің кезек күттірмейтін міндетіміз.

Осыған байланысты біз “Бейбітшілік үшін дүниежүзілік жастар қозғалысын” құру және оның штаб-пәтерін Өзбекстанда орналастыру туралы ұсынысты алғатттық. Біз қоғамымыздағы толеранттылық саясатын дәйекті

түрде жүзеге асыраудамыз.

Сонымен қатар біз исламдық ағартушылық идеяларды терең зерттеп, оны әлемге насихаттау жұмыстарын белсенді түрде жалғастыратын боламыз. Алдағы айларда кең байтақ аймағымыз үшін бірегей орталық — Ислам өркениеті орталығын ашамыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымында ұлы бабаларымыз — ойшылдар Имам Бұхари, Имам Термизи, Имам Матуридидің бай рухани және ғылыми мұрасынан тұсаукесерін арнайы өткізуді көздеп отырмыз.

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Жаңа Өзбекстан барлық елдермен өзара түсіністіктің, ашық диалог пен тығыз серіктестіктің жақтаушысы болып табылады. Біз халықтар, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогты нығайтуға, жалпы адамзаттық мақсаттарға қол жеткізуге өз үлесімізді қосуға әрқашан дайынбыз.

Назар аударғандарыңызға рақмет.

ӨЗА

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІН ӨЗАРА ҰНТЫМАҚТАСТЫҚҚА, АШЫҚ СҰХБАТҚА ЖӘНЕ ЖАҚЫН СЕРІКТЕСТІККЕ ШАҚЫРДЫ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Елімізде мектепке дейінгі біліммен қамту 27 пайыздан 78 пайызға, жоғары біліммен қамту 9 пайыздан 42 пайызға дейін өсті. Ұстаздық және оқытушылық кәсібінің беделі мен абыройын күрт арттыру өзекті мәселе болып саналады.

Педагогтардың тәжірибе мен білім алмасуының бірыңғай халықаралық платформасын құру мақсатында Өзбекстанда Бүкіләлемдік кәсіби білім беру саммитін өткізу ұсынылды.

Еліміздің басшысы денсаулық сақтау саласының озық жүйесін құру туралы айта келіп, Өзбекстанның бастамасымен БҰҰ-ның штаб-пәтерінде балалар обьры және басқа да ауыр сырқаттармен күресуге арналған жоғары деңгейде шара өтетінін айтты.

Гендерлік саясатқа тоқталған мемлекетіміз басшысы әйелдердің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі және кәсіпкерліктегі рөлі алдағы уақытта да нығау беретінін баса айтты. Осы орайда Азия әйелдер форумын тұрақты алаңға айналдырып, оны кең аймағымыз деңгейінде жүйелі түрде өткізудің маңыздылығы атап өтілді.

Еліміздің Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі берік ұстанымын растай отырып, Президент Өзбекстанның 2030 жылға қарай “ортадан жоғары табыс деңгейі бар” елге айналу мақсатын қойғанын атап өтті.

Өзбекстанның сыртқы саясатының басым бағыттарына ерекше назар аударылды. Президентіміз: “Біз осыдан сегіз жыл бұрын осы биік мінберден Орталық Азияны бейбітшіліктің, тату көршілік пен серіктестіктің мекеніне айналдыруға деген нық ниетімізді мәлімдеген болатынбыз. Бүгін біз бұл стратегиялық мақсатқа қол жеткіздік деп үлкен қанағаттанушылықпен айта аламыз. Шекаралар жабылған, шешілмеген даулар мен қақтығыстар дәуірі тарихта қалды”, — деді.

Сонғы жылдары аймағымызда өзара сауда, инвестиция және көлік көлемі бес есеге өскені айтылды. Шекаралас аумақтарда бірлескен инвестициялық қорлар, сауда-өнеркәсіп аймақтары құрылып, ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда.

Орталық Азия мемлекеттері басшыла-

рының Мәслихат кездесулері аймақтық интеграцияны тереңдетудің тиімді механизміне айналды.

— Бүгінгі таңда Жаңа Орталық Азияны қалыптастыру үдерісі басталды деп толық сеніммен айта аламын. Аймағымыз өзінің бірлігімен, тұрақтылығымен, бірегейлігімен халықаралық қатынастар жүйесінде жеке тұлға ретінде берік орын алуда, — деді Президент.

Мемлекет басшысы БҰҰ құрылымдарымен аймақта бірқатар жаңа жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруды, оның ішінде ЭКОСОС пен ЮНКТАД аясында Орталық Азия елдерінің экономикалық дамуы бойынша халықаралық форум өткізуді, ЮНИДО-мен өнеркәсіпте “жасыл” технологиялардың аймақтық хабын құруды, су ресурстарын ұтымды пайдалану бағдарламаларын қабылдауды, аймағымызда “демографиялық” тұрақтылық пен “жасыл” кенестік құруды ұсынды.

Сонымен қатар, Орталық Азия елдерінің аймақтық серіктестік пен экономикалық интеграцияны тереңдету жөніндегі күш-жігерін қолдау туралы Бас Ассамблеяның резолюциясын қабылдау туралы бастама көтерілді.

Жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке тоқталған Өзбекстан Президенті Ауғанстандағы жағдайға тоқталды. Ауған халқының бейбіт және жақсы өмірге деген ұмтылысын қолдау үшін халықаралық қауымдастықтың күш-жігерін біріктіруге шақыра отырып, ол бұл елдің оқшаулануына жол бермеудің маңыздылығын атап өтті.

Өзбекстанның бұл елде ірі экономикалық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға ниетті екені атап өтілді. Президент Ауғанстан арқылы өтетін халықаралық көлік және энергетикалық дәліздерді дамыту туралы БҰҰ-ның жеке резолюциясын қабылдауды ұсынды.

Ғаза секторындағы ұшығып бара жатқан гуманитарлық дағдарыс туралы айта келе, Президентіміз әскери әрекеттерді тоқтатып, саяси келіссөздерді қайта бастауға шақырды.

— Біз БҰҰ резолюцияларына сәйкес, “екі халық үшін — екі мемлекет” қағидатын жүзеге асыруды табанды жақтаймыз, — деді ол биік мінберден.

Украина төңірегіндегі жағдай да баршамызды қатты алаңдатып отырғанын айта келе, Президентіміз бұл мәселені

дипломатиялық жолмен шешу үшін жоғары деңгейдегі диалогтардың басталғанын құптады.

Қауіпсіздік тақырыбына тоқталған мемлекетіміз басшысы Орталық Азиядағы Жаһандық терроризмге қарсы стратегияны жүзеге асыру бойынша нәтижелі жұмысты атап өтті. Біріккен Ұлттар Ұйымының Терроризмге қарсы басқармасымен бірлесіп құрылған Оналту және қайта интеграция мәселелері бойынша Аймақтық Кеңесті Халықаралық компетенциялар орталығына айналдыру ұсынылды. Орталық проблемалық аймақтардан оралған адамдарды бейбіт өмірге бейімдеу бойынша тәжірибе алмасудың маңызды алаңы болады.

Президентіміз Өзбекстанда Терроризмге қарсы іс-қимыл департаментінің аймақтық өкілеттігін ашу үшін қажетті жағдай жасауға дайын екенін білдірді.

Еліміз басшысы қауіп-қатерге толы бүгінгі әлемде жаһандық көлік жүйесінің өлсіздігі теңізге шыға алмайтын дамушы елдердің тұрақтылығына кері әсерін тигізінін атап өтті.

Халықаралық транзиттік дәліздердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиімді логистикалық тізбектерді құру мақсатында “Тұрақты даму мақсаттары үшін көліктік байланысты нығайту” жаһандық механизмін енгізуге шақырды.

Өзбекстан Президенті күн сайын шиеленісіп бара жатқан климаттық өзгерістерге де ерекше назар аударды. Атап өткендей, Арал теңізінің құрғауының келеңсіз салдары әлемдік қоғамдастықтың тұрақты назарында болуы тиіс.

— Біз Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру жұмыстарын дәйекті түрде жалғастыраудамыз. Сонғы жылдары құрғаған теңіз түбінде 2 миллион гектар алаңға тұзға төзімді шөл өсімдіктері отырғызылды. 2030 жылға қарай бұл аумақтың 80 пайызы жасыл желекпен қамтылады, — деді мемлекет басшысы.

Су тапшылығы мәселесіне тоқталған Президентіміз Өзбекстанның дүниежүзілік Су форумын өткізуді жоспарлап отырғанын атап өтті. Осы конференцияның қорытындысы бойынша су дағдарысын тұрақты дамуға елеулі қатер ретінде анықтау және осыған байланысты жаһандық деңгейде инновациялық технологияларды енгізу бойынша жеке “жол картасын” қабылдау жоспарлануда.

Экологиялық өзгерістердің тағы бір

жағымсыз көрінісі климаттық миграцияның күшеюі болып табылады. Президент бұл бағытта әлі нақты халықаралық механизмдер мен құқықтық база жасалмағанын атап өтті. Осыған байланысты ол осы күрделі мәселе бойынша кең ауқымды халықаралық серіктестік пен келісілген саясат үшін Жаһандық пакт қабылдауға шақырды.

Барлығы үшін тұрақты дамуды қамтамасыз ету туралы айта отырып, ол елдер арасындағы цифрлық даму мен жасанды интеллектті пайдаланудағы теңсіздікті болдырмаудың маңыздылығына назар аударды. Осыған байланысты денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет салаларында жасанды интеллекттің практикалық шешімдерімен және үлгілерімен бейтарап алмасуға бағытталған Халықаралық ынтымақтастық механизмін құру ұсынылды.

— Тағы бір басым мәселеге жеке тоқталғым келеді. Біздің ертеніміз, дүниенің тағдыры мен амандығы өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында. Біздің кезек күттірмейтін міндетіміз — жастарымыздың санасына татулық, адамгершілік пен достық, өзара сенім мен сыйластық сияқты асыл идеяларды сіңіру, — деді Президент.

Осыған орай Дүниежүзілік бейбітшілік үшін жастар қозғалысын құру және оның штаб-пәтерін Өзбекстанда орналастыру туралы ұсыныс айтылды.

Президентіміз атап өткендей, Өзбекстан қоғамда бауырмалдық саясатын дәйектілікпен жүзеге асырумен қатар, исламдық ағартушылық идеяларын терең зерттеп, оны әлемге насихаттау жұмыстарын белсенді түрде жалғастыруда. Алдағы айларда аймақта бірегей Ислам өркениеті орталығы ашылады. Біріккен Ұлттар Ұйымында ұлы бабаларымыз — ойшыл-ғұламалар Имам Бұхари, Имам Термизи, Имам Матуридидің бай рухани және ғылыми мұрасының арнайы тұсаукесері өтеді.

Шавкат Мирзияев өз сөзінің соңында Жаңа Өзбекстанның барлық елдермен өзара түсіністік, ашық диалог пен тығыз серіктестік орнатуды жақтайтынын, халықтар, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы диалогты нығайтуға, жалпы адамзаттық мақсаттарға жетуге әрқашан үлес қосуға дайын екенін баса айтты.

ӨЗА

БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫ СЕССИЯСЫНДАҒЫ НӘТИЖЕЛІ КЕЛІССӨЗДЕР

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Келіссөздер соңында мемлекет басшысы Президент Дональд Трампты өзіне қолайлы уақытта Өзбекстанға ресми сапармен келуге шақырды.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев пен АҚШ Президенті Дональд Трамптың кездесуі ашық, сындарлы және достық рухта өтті. Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мянмен кездесуде Өзбекстан — Корея ерекше стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту және көп салалы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қаралды.

Сонғы жылдары өзара ынтымақтастықта айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізіліп, барлық деңгейдегі алмасулар мен диалогтар жандана түскені қанағаттанарлықпен атап өтілді.

Өзара сауда көрсеткіштері тұрақты өсуде. Кореялық компаниялардың Өзбекстан экономикасына салған тікелей инвестициясының көлемі 8 миллиард доллардан асты.

Біздің еліміздің аймақтарында Кореяның жетекші жоғары оқу орындарының 4 филиалы мен кәсіптік білім беру орталықтары табысты жұмыс істеуде.

Корея халықаралық ынтымақтастық агенттігімен, Корея Эксимбанкімен және оның қорларымен ұзақ жылдар бойы жемісті серіктестік жоғары бағаланып, жобалардың жалпы портфелі 3,5 миллиард долларға жетті.

Маңызды шикізатты терең өңдеуді, химия, машина жасау, ауыл шаруашылығы, көлік, авиация, биотехнология және басқа да басым бағыттардағы жобаларды ілгерілетуді көздейтін жаңа ұзақ мерзімді технологиялық және өндірістік серіктестік бағдарламасын дайындау туралы келісімге қол жеткізілді.

Осыған байланысты алдағы Үкіметаралық комиссия жалыасының маңыздылығы тиімді деп атап өтілді.

Аймақтық, оның ішінде “Орталық Азия – Корея Республикасы” форматындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алмасылды.

Кездесу соңында мемлекет басшысы Корея Президенті Өзбекстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырды.

Албания Президенті Байрам Бегаймен кездесуде саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мәселелері қаралды.

Екіжақты қарым-қатынастарды, оның ішінде саяси диалог пен экономикалық ынтымақтастық механизмін құру арқылы сапалы жаңа деңгейге шығаруға өзара мүдделілік танылды.

Сауда-инвестициялық секторлардағы ынтымақтастық әлеуетін іске асырудың, аграрлық және тамақ өнеркәсібі, көлік және басқа да салалардағы кооперациялық жобаларды іске асырудың маңыздылығы атап өтілді.

Сондай-ақ басшылар аймақтық және халықаралық маңызы бар мәселелер бойынша пікір алмасты.

БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришпен кездесуде Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бойынша ұлттық міндеттерді іске асыру аясында БҰҰ-мен ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері қаралды.

Әңгіме басында мемлекет басшысы Антониу Гутерришті БҰҰ-ның мерейтойлық сессиясымен шын жүректен құттықтап, оның ұйым жүйесін заманауи шындыққа сай реформалау жөніндегі бастамаларын табанды түрде қолдады.

Өзбекстан мен БҰҰ арасындағы серіктестік бұрын-соңды болмаған деңгейге жеткені қанағаттанушылықпен атап өтілді. 160-тан астам бағдарламалар мен жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Октябрь айында жаңа бесжылдық серіктестік бағдарламасына қол қойылады деп күтілуде.

Сонғы жылдары Өзбекстанның бастамасымен БҰҰ Бас Ассамблеясының 13 резолюциясы қабылданды. Өзбекстан ЭКОСОС, Адам құқықтары жөніндегі комитет, Статистикалық комиссия сияқты ықпалды құрылымдарға мүше болып сайланды.

Өзбекстанның бастамасымен ертен БҰҰ-ның штаб-пәтерінде балалар обьры және басқа да ауыр аурулармен күресу бойынша жоғары деңгейдегі форум өтеді. Самарқантта өтетін ЮНЕСКО-ның 43-і Бас конференциясына қызу дайындық жүріп жатыр.

Антониу Гутерриш Өзбекстан Президентінің Бас Ассамблеяның мерейтойлық сессиясында сөйлеген сөзін жоғары бағалап, оның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу, Жаңа Орталық Азияны қалыптастыру, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект, жастар, ағартушы ислам және басқа да салалардағы жаһандық ынтымақтастықты ілгерілету жөніндегі бастамаларының маңыздылығын атап өтті.

Әңгімелесу барысында өзекті халықаралық және аймақтық проблемалар жөнінде де пікір алмасылды.

Кездесу нәтижесінде басым бағытта бойынша кең ауқымды серіктестікті дамыту, ынтымақтастық үшін жаңа бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу келісілді.

Иордания Королі Абдулла II ибн әл-Хусейнмен кездесуде үстіміздегі жылдың август айында Өзбекстан Республикасына жоғары деңгейдегі сапар барысында қол жеткізілген келісімдердің орындалу барысы талқыланды.

Өзбекстан мен Иорданияның жетекші компанияларын тарта отырып, басым инвестициялық жобаларды іске асыруды жеделдету бойынша өзара келісілген шараларды қабылдауға ерекше назар аударылды.

Чехия Президенті Петр Павелмен кездесуде сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту мәселелері қаралды. Сауда, инвестиция, инновациялар, көлік, ауыл шаруашылығы және басқа да басым салалардағы ынтымақтастықты дамыудың нақты жобалары талқыланды.

Кеңсеаралық байланыстарды белсенді түрде жалғастыру келісілді.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияевтың Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапары жалғасуда.

ӨЗА

Қарттарымыз — қазынамыз

АРДАГЕРЛЕР – ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Жуырда соғыс майданында ерлік көрсетіп жеңіске өз үлесін қосқан 101 жастағы ардагер Бексейіт ата Баймырзаевқа құрмет-ізет көрсету үшін Ресей Федерациясының Өзбекстандағы елшілігінен Анастасия Соколова ханым Жоғарышыршық ауданындағы “Танта Қаңлы” ауылына арнайы келді.

Құрметті қоңамен бірге соғыс ардагерінің уіне Ташкент облыстық қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы Дәмір Қалдыбаев, Жоғарышыршық ауданындағы қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы, “Адолат” социал-демократиялық партиясы аудандық Кеңесінің төрағасы Искандер Алашбаевтар келді.

Елшіліктен келген ханым Бексейіт атамызға үлкен құрмет көрсете отырып, оған “Жеңіске 80 жыл” төсбелгісін тапсырды. Сұхбаттасу кезінде соғыс ардагері “Ерлікке тағзым ету бүгінгі ұрпақтың парызы” екендігін айта отырып, Президентіміздің Жаңа Өзбекстанды құру үшін жүргізіп жатқан сындарлы саясатына, ізгі

жұмыстарына сәттіліктер тіледі.

Өз кезегінде Бексейіт ата мемлекетіміз өркендеп дамысын, жас ұрпақтар ата-бабалардың ұміттерін ақтайтын азамат болып өссін, бүкіләлемде әрқашан тыныштық пен тұрақтылық болсын деп бата жасады. Біз де Бексейіт атамызға ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тіледік. Ұлы же-



ңістің 80 жылдығы тұсында ел дегенде еңіреген ерлеріміздің қан майданда құрбан болғандарын еске алу шаралары болып өткен болатын. Өйткені оларға әрқашан құрмет көрсету, қадірлеу баршамыздың парызымыз.

Елім деген ерлердің Отанымыз үшін жанын-тәнін аямастан ерлік танытқандарын, болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі жолындағы

батылдығын елі, бүкіл ұрпағы ешқашан ұмытпайды.

Искандер АЛАШБАЕВ, Жоғарышыршық ауданындағы қазақ ұлттық мәдени орталығының төрағасы, “Адолат” социал-демократиялық партиясы аудандық Кеңесінің төрағасы.

Жақсылықтың жаршысы

КЕНЕНБАЙ ДЕСЕ, КЕНЕНБАЙ

Жақсылық күн секілді, кейде бұлт астына жоғалып, кейде сәулесін шашып, нұрын төгеді. Міне сондай жақсылық шуағын төгіп тұратын жақсы адамдар біздің арамызда көптеп табылады. Солардың бірі біздің кейіпкеріміз.

Кененбай Усманов 1940 жылы Ташкент облысы, Төмен-гішыршық ауданы сол кездегі көсем атындағы колхозда туылған. 1957 жылы ауылдағы №45 жалпы орта білім беретін мектепті бітірген соң Ташкент ауыл шаруашылығын механизациялау және ирригация институтының Ауыл шаруашылығын механизациялау факультетіне оқуға түсті. Оны бітірген соң 1962 жылдан 1964 жылға дейін Бөке ауданындағы “Бөке” совхозында бөлімше механигі болып істеді.

1964 жылы өзінің туған жеріндегі “Ленинград” колхозына шеберхана меңгерушісі болып жұмысқа ауысты. 1967 жылдан 1982 жылға дейін колхоздың бас инженері болды. Сол уақыт аралығында, яғни 1977-1979 жылдары Ауғанстан Республикасына ыссапармен барды. 1982-1983 жылдары көрші кол-

хозда партком хатшысы және колхоз төрағасының орынбасары болды.

1984 жылы туған жеріндегі колхоздың төрағасы болып сайланды. Сол жұмыста он жыл істеп, 1994 жылы денсаулығына байланысты жұмыстан босады. Осы он жылдың ішінде 200 балаға арналған екі балабақша, 65 отбасына арналған 45 үй құрылып колхозшыларға берілді. Ағай басшылығында мақта өндіру бойынша 7 жыл жоспар орындалды, ал орындалмаған үш жылдың өзінде жұмысшыларға жылдық негізгі табысының бір сомына 50 пайыздан үстеме ақы қосып берілді. Сонымен зейнетке шыққанға дейін техника қауіпсіздігі инженері болып жұмыс атқарды.

Көп жылдық еселі еңбегі еленіп, 1970 жылы “Лениннің 100 жылдығына” арналған мерейтой медалімен, кейіннен үш



жыл қатарынан “Социалистік жарыстың жеңімпазы” деген төсбелгісімен марапатталды. Ал 1980 жылы машина-трактор паркін пайдаланудағы жоғары көрсеткіштеріне және оған техникалық қызмет етуде Өзбекстанда бірінші болып оның мамандандырылған түрін енгізгеніне байланысты “Құрмет белгісі” орденімен марапатталды.

2006 жылы шіркет шаруашылығын тарату уақытында мақта құрғату цехын сатып алып, ауылда спортты дамытуға өз үлесін қосу мақсатында үкіметтің демеушілігімен спорт зал құруға кірісті. Тіпті ол үшін өзінің жеке жері мен ғимаратын

да берді. Оның жанынан құрес, бокс, баскетбол алаңы, теннис, шахмат түрлерімен айналысу үшін, басқа спорт кешенін құруға жоғары орындарға өтінішпен шығып, Республикалық балалар спортын дамыту қорынан 450 миллион сум қаржы бөлінуіне қол жеткізді.

2010 жылы “Кемел ұрпақ” жылында волейбол, баскетбол, таэквондо үшін жоғарыдағы айтылған мақта құрғату цехының негізінде үлкен спорт зал құрылды. Онда жастар, әсіресе мектеп оқушылары спортпен айналыса бастады. Олар көп жетістікке жетті. Мысалы, волейбол бойынша қыздар құрамасы бапкер Шухрат Рахимовтың басшылығында осы күнге дейін Ташкент облысының чемпиондығын бермей келеді. Республикада 7 рет 1-орынды, 8 рет 2-3 орынды иеледі. Сол себепті бес қыз Ташкенттегі дене шынықтыру институтына грант негізінде оқуға қабылданды. Сол қыздардың 2-3-і Республикалық волейбол құрамасында халықаралық жарыстарға қатысып келеді. Сондай-ақ жаттықтырушы Бактияр Узаковтың басшылығында спорттың таэквандо-ITF түрі

бойынша 10 қара белбеу, 21 Өзбекстан чемпионы және екеуі Азия чемпионы болды. Міне осы жетістіктердің баршасында Кененбай ағайдың үлесі үлкен.

Адам өмірде жақсы жұмыстар істеп, жетістіктерге жетуінде жанұяның орны орасан зор. Бұл ретте де аға көпке үлгі болатын жанұяның тірегі болды. Өмірлік серігі Ташбуви Усманова апаймен үш ұл, бір қызы тәрбиелеп-өсірді. Үлкен ұлы Ұлықбек Шымкентте компания қызметкері, кейінгісі Тазабектің жеке фирмасы бар, ал кенжесі Жаркынбек кезінде фермер болды. Ал сүйікті қызы Айгүл Америка Құрама Штаттарында білгір дәрігер. Ағай 9 немере мен 7 шөберінің сүйікті атасы. Бүгінде Ұлданай апаймен 25 жылдан бері тату-тәтті өмір сүріп келеді.

Осындағы жергілікті “Жылқышы” қоғамдық мешітінің құрылуына атсалысқан. Төраға кезінде сол мешіт үшін жер беріп, сызбасын өзі жасаған. Ол халықтың көмегімен бүгінде зәулім, тамаша ғимаратқа айналды.

Іә, шынында-ақ көптеген игі істерімен ел құрметіне бөленген Кененбай ағай бүгінде сексенін сенгірінен асып, тоқсанға таяп қалды. Біз ағайға өмірдің бар жақсылығын перзент, немере, шөберелерімен бірге көруді тілейміз.

Құттыбай БАШАРОВ

Жаңа жанасу

БАБУР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМ ӨНЕР ТӘСІЛДЕРІ

Өлеңдік өнер тәсілдері көркем шығармада бейнеленген идеялардың өміршең, әсерлірек берілуінде, лирикалық және эпикалық бейнелердің жарқын көрініс табуына, шумақтар, бәйіттер, тармақтардың әуенділігі мен тартымдылығын арттыруға қызмет еткен.

Шығыс классикалық әдебиетінің, соның ішінде өзбек классикалық поэзиясының өзіндік ерекшелігін, ұлттық сипатымен қоса, нәзіктігі мен әсемдігін, эстетикалық сұлулығы мен әсерлілігін танытатын құралдардың бірі — көркемөнер тәсілдері болып табылады. Өлеңдік өнер тәсілдері өзбек классикалық әдебиетінде соншалықты көп әрі алуан түрлі болғандықтан, олардың жалпы санын анықтау қиын. Барлық өлеңдерде қолданылған поэтикалық тәсілдердің ортақ байланыс қырлары мол екенін де айту қажет. Шығыс поэтикасына қатысты зерттеулерде араб және парсы поэзиясының тәсілдері талданса да, оларды өзбек поэзиясындағы көркемдік құралдарды зерттеуде де қолдануға болады. Захириддин Мұхаммед Бабур поэзиясында көркем өнер тәсілдері соншалықты орынды әрі әсем қолданылғандықтан, оның жырларының әсерлілігін арттыруға зор үлес қосқан.

Захириддин Мұхаммед Бабур — лирикалық өнер иесі. Түрлі өлеңдік тәсілдерді көркемдікке қол жеткізуде, бейнелені шынайы әрі жанды болуын қамтамасыз етуде шеберлікпен кенінен пайдаланған. Ол адам жүрегіндегі толқу мен қуанышты, қайғы мен арманды бар қыр-сырымен бейнелеп, әсіресе шағын көркем көріністер мен жанды суреттер жасауда үлкен шеберлік танытқан. Жалпы алғанда, өлеңде идеялық тұтастыққа жетуді Бабур көркемдіктің негізгі шарттарының бірі деп есептеген.

Классикалық поэтикада “нида” деген өнер тәсілі бар. Егер акын өз субъективті ойы мен сезімін адамға, табиғаттағы бір құбылысқа немесе “затқа” тіл кату арқылы білдірсе, ол “нида” тәсілін қолданған болып саналады. Бабур өз рубailerында бұл тәсілді жиі пайдаланған. Мысалы, кейбір өлеңдерінде өз көңілкуйін тікелей “боди сабо” (сабат желі), “жел”, “тан”, “көңіл” секілді бейнелерге қарата сөйлеу арқылы суреттейді. *Ей, сабат желі, Хорасанға бір өт, Менен емес, сол ғашыққа хабар ет. Өз көңілің үйің талай жол шектің, Енді біз үшін де бір сапар ет.*

Бұл өлеңде Бабур нида өнерін қолданған, яғни өлеңді “Ей, сабат желі” деген үндеу сөздерімен бастаған. Бұл арқылы акын шынайы өмірлік сезімдерін бейнелеуде көркем тәсілді пайдаланған.

Бабур кай тақырыпта рубаи жазбасын, міндетті түрде оған тән ерекше әуенді тауып отырған. Басқаша айтқанда, оның рубailerында мазмұн мен түр бірлігі бар.

Бабурдың бір рубаидегі бір ғана тармағын төрт түрлі мағынада түсіндірудің өзі-ақ оның аса шебер акын екендігін көрсетеді. Классикалық

Шығыс поэтикасында “ийхом” деген өнер бар, оның сөздік мағынасы — “күдіктендіру”. Бұл — өте нәзік тәсіл. Сондықтан да Әлішер Науаи бұл тәсілді “хосса маъно” — ең нәзік мағыналарды білдіретін өнер деп сипаттаған.

Бабур осы тәсіл арқылы оқырман алдында мағына мен мазмұнның алуан түрлілігін шебер көрсеткен. Мысалы, төмендегі әсерлі бәйітті оқыған оқырман “сурорим бор” тіркесін әрі “сұрақ қылмақшымын”, әрі “сормын (жарымын)” деп түсіне алады:

Бабур шеберлігі “тафре” өнерінде де айқын көрінеді. Бұл тәсілде акын көрініп тұрған нәрсені “бұл емес” дейді де, басқа ұқсас нәрсені көрсетіп, ерекше әсерлі сурет жасайды:

Сел емес бұл жер жүзін қаптаған — көз жасым,

Найзағай емес көкке ұмтылған — жүрегімнің зарлы үні.

Мазмұны: Жерді басқан сел емес, ол — көз жасым. Аспанды дүрлдеткен күн күркіреу емес, ол — жүрегімнің ащы-зарлары.

“Ружу” (қайту) — бастапқы бейнелі суреттен бас тартып, одан да әсерлі, мағыналы, қысқи образды көрсету тәсілі.

“Тажоухули орифона” (біле тұра білмегенсу тәсілі). Мұнда акын бәрін біле тұра, өзін білмегендей етіп көрсетеді.

Лирикалық кейіпкердің жағдайы өзіне белгілі: жаттықтан өңі сарғайған, айырылыстан жүрегі жаралы. Бірақ білмегенсін айту арқылы әсерлі етіп шығарған.

Бабур талай жерде “талмех” тәсілін де пайдаланған. Мысалы, төмендегі рубаида ол орынды қолданылған:

Жүз шүкір де, Бабыр, кешірімді Құдайға,

Масаи берді Үнді, Синд байтақ жерін! Ыстығына егер төзе алмамаң,

Салқында көргің келсе — Ғазнаға бар.

Бұл рубаида Үнді, Синд, Ғазна секілді жер атаулары келтірілген. Олар Бабурдың өмірінде ерекше орын алған. Сонымен қатар мұнда “тазод” (қарама-қарсылық) тәсілі де бар. Оны “ыстық — суық” сөздері құрайды.

Захириддин Мұхаммед Бабур — көркемөнер тәсілдерін шебер қолданған акын.

Әдебиет тарихы тағы бір нәрсені көрсетеді: поэтикалық тәсілдер — акынның шеберлігін көрсету құралы ғана емес, сонымен бірге оның көркем ойлау ауқымын, биік әлеуметтік-адамгершілік идеяларды бейнелеу өнерін білдіреді. Бабыр қолданған көркем өнерлерден оның ұлы акын екендігін аңғаруға болады.

Емина АЧИЛОВА, ШМПУ Өзбек әдебиеттану кафедрасының оқытушысы.

Ауыл шаруашылығында

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Жызақ облысының ауыл шаруашылығына Ғарыштық мониторингті енгізу болашағы талқыланды. Жуырда осы мақсатта облыста ауыл шаруашылығы саласына заманауи технологияларды енгізу мәселесі бойынша маңызды талқылаулар өтті.

Бұл үдеріс Өзбекстан Республикасы Президентінің “2024-2026 жылдары экономика салаларына аэроғарыштық технологияларды енгізу шаралары туралы” Жарлығын орындау шеңберінде жүзеге асырылды.

Жиынға облыс әкімінің ауыл және су шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары Зафар Розиев, Цифрлық технологиялар министрлігіне қарасты Ғарыштық зерттеулер және технологиялар агенттігі департаментінің басшысы Ұлықбек Рахимов, сондай-ақ Ғарыштық мониторинг және геоақпараттық технологиялар орталығының басшылары мен мамандары қатысты.

Талқылау барысында: Ауыл шаруашылығы алқаптарының жай-күйін қашықтықтан бақылау, олардың өнімділігін бағалау, егістік алқаптарын нақты бақылау мүмкіндіктері; “Ашық портал” платформа-сы арқылы нақты уақыт режимінде деректерді қалыптастыру, талдау және анықталған пробле-

маларға жедел әрекет ету механизмдері; Заңсыз және өз бетінше пайдаланып жатқан жер учаскелерін анықтау үшін спутниктік суреттерді пайдалану мүмкіндіктері маңызды бағыттар болды.

Атап өтілгендей, бұл технологиялар арқылы аграрлық сектордағы ресурстарды ұтымды пайдалануға, өнімділікті арттыруға, жерді бақылау мен басқарудың ашық тетіктерін жасауға болады.

Талқылау соңында Жызақ облыстық әкімдігі мен “Өзбеккосмос” агенттігі арасында аймақтағы ғарыштық мониторинг негізінде жер ресурстарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Егер көзделген жоба толықтай жүзеге асса алдағы уақытта ауыл шаруашылығы саласын дамытып, соның нәтижесінде өнімділікті арттыруға қол жеткізілетін болады.

Жызақ облыстық Баспасөз қызметі.

Тілсіз жау

САЛҒЫРТТЫҚТЫ ҚАЖЕТ ЕТПЕЙДІ

Өдетте өрт қауіпсіздігі қызметінен хабары жоқ, оның ішкі өмірі, мақсат-міндеттерін жақсы түсінбеген азаматтар профилактикалық шараларға атүсті қарайды. Ережелерді білмеу, біле тұра мән бермеу көп жағдайда көңілсіздіктерді туындатады. Түсіндіру істерінен көзделетін мақсат босқа емес, азаматтарды сергектікке шақыру, келеңсіздіктерді болдырмауға жұмылдыру саналады. Сала қызметкерлері өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету баршаның міндеті екенін ескертеді.

М.НАРТАЕВ, Сіргелі аудандық ТЖБ 9-ӨҚБ-ның ауысын басшысы.

МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Жалпы орта білім беретін мектептерде өткізілетін “Бірінші цифрлы қауіпсіздік” өзінің нәтижесін беруі сөзсіз. Себебі ондағы қызметкерлер мен оқушыларға өрттің алдын алу шаралары іс жүзінде түсіндіріледі. Сондай-ақ балаларға қауіпсіздік ережелеріне көңіл бөлу, сіріңке, электрлі және газ құрылғыларына ойыншық ретінде қарау аянышты жағдайларға себеп болатынын сала өкілдерімен қатар оқытушылардың, үйдегі ата-аналардың түсіндіріп отыруы нәтижелілікті одан әрі арттырады.

И.УМАРОВ, Сіргелі аудандық ТЖБ ІІ және НБ-ның инспекторы.

ЗАНДЫ ӘРІ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрдайым, барлық жерде атқарылуы тиіс болған міндет. Білім беру ошақтарында өрт қауіпсіздігін қаамтамасыз ету — бұл тек заңды міндеттеме ғана емес, адам өмірі мен болашағын сақтауға бағытталған маңызды міндет болып табылады. Өрқайсысымыз жан-жағымызға немқұрайдылықпен қарамай, сергек болсақ, өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін одан әрі қауіпсіз және сенімді білім ортасын жаратуымыз мүмкін.

Ш.МАХАМАТЖАНОВА, “Түркістан” өнер сарайында ӨҚТББ-ның аға инспекторы.

ЗИЯНДЫ ТҰСЫ КӨП

Айналаны абаттандыру мақсатында құраған шөптерді, әсіресе күздің күнінде жерге төгілген ағаштардың жапырақтарын өртейтін жайттар жиі болып жатады. Өрт қауіпсіздігінің жауапты өкілдері азаматтарға қанша түсіндіргенімен мұндай жағдай қайталанып жатады. Сала өкілдері жапырақтарды өртеу біріншіден, адам денсаулығы үшін зиян, екіншіден, бықсып жанған жапырақтар өрт апатына себеп болатынын ескертеді.

У.РАЗЗАҚОВ, “Бунедкор” спорт алаңында ӨҚТББ-ның инспекторы.

“Заковат” зияткерлік ойыны

РУХАНИ БІРЛІК ПЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ СЕРПІЛІС

Бүгінде отанымыз — көпұлтты, көпмәдениетті қоғамда бейбіт өмір мен өзара түсіністікті қамтамасыз ету жолында жүйелі, ауқымды жұмыстарды жүзеге асырып жатқан елдердің бірі. Президент Шавкат Мирзияевтың бастамасымен мемлекет саясатының маңызды басымдықтарының бірі — ұлтаралық келісімді нығайту, түрлі ұлт өкілдерінің құқықтары мен еркіндіктерін тең дәрежеде қамтамасыз ету саналады.

Сонғы жылдары мемлекет пен қоғам арасында сенім көпірін орнатуға, халықтар достығын тереңдетуге бағытталған нақты реформалар мен гуманитарлық бағдарламалар қабылданды. Елімізде тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері — еліміздің теңқуқылы азаматтары ретінде мәдени, тілдік және рухани құндылықтарын еркін дамытуға толық мүмкіндікке ие.

Сол мақсатта ұлттық мәдени орталықтарға жан-жақты қолдау көрсетіліп, мәдени павильондар мен орталықтар ашылуда, сондай-ақ этнос жастарының әлеуметтік, шығармашылық және зияткерлік дамуын қолдауға арналған жобалар қарқынды жүзеге асырылуда.

Мұндай бастамалар еліміздің көпұлтты қоғамда бейбітшілік пен татулық орнатуға үлгілі саясатын айқын көрсетеді. Сондай-ақ тарихтан бастау алатын тағылымды жол, қазіргі мен болашаққа бағытталған үлкен жауапкершілік пен өркеніетті ұста-

нымның жарқын мысалы.

Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан осы жан-жақты қолдау мен тұрақты даму стратегиясы аясында түрлі этностар жастарының білімін, ой-өрісін және бірлігін арттыратын ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Солардың бірі — жуырда Ташкент облысының Бөке ауданында ұйымдастырылған ерекше шара — “Достық кубогы” үшін өткен “Заковат” зияткерлік сайысы.

Шараның басты мақсаты — түрлі ұлт өкілдерінен құралған жастар арасында достық пен бауырластықты тереңдету, білім мен парасатты дәріптеу, сондай-ақ әлеуметтік белсенділікті арттыру.

Бір сахнада бас қосқан әр ұлттың үздік жастары білім мен логиканың нағыз бәйгесіне түсті. “Заковат” зияткерлік ойыны — кез-десек сұрақтармен ғана емес, сонымен қатар зерде мен зейінді, тапқырлық пен терең ойды талап ететін интеллектуалды майдан.

Жарысқа қатысқан командалар Өзбекстандағы ұлттық мәдени орталықтардан құралған. Атап айтқанда, Тәжік ұлттық мәдени орталығы, Қырғыз ұлттық мәдени орталығы, Ұйғыр ұлттық мәдени орталығы, Қазақ ұлттық мәдени орталығы, Түркімен ұлттық мәдени орталығы, Татар ұлттық мәдени орталығы.

Әрбір команда өз ұлтының рухын, білімге деген құштарлығын, ынтымақ пен ізгілікке бейілділігін танытты. Сайыстың әрбір сәті сұрақ-жауап болумен қатар, ой мен парасаттың күресі, рух пен мәдениеттің көрінісі болды.

Ойын қорытындысы бойынша 1-орын — Тәжік ұлттық мәдени орталығына, 2-орын — Қырғыз ұлттық мәдени орталығына, ал 3-орын — Ұйғыр ұлттық мәдени орталығына бұйырды.

Барлық қатысушылар ұйымдастырушылар тарапынан дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

“Заковат” зияткерлік ойыны — тек елімізде ғана емес, Орталық Азия кеңістігінде де интеллектуалдық брендке айналған жоба. Бұл ойын жастардың білімін, логикасын, жылдам шешім қабылдау қабілетін дамыта отырып, оларды елшілдікке, зерделілікке, отансүйгіштікке баулиды.

Ал дәл осындай форматта ұлтаралық негізде ұйымдастырылуы — өзара түсіністік пен сенімнің мызғымас платформасына айналууда.

— Біз бұл шара арқылы жастарды жақын-



дастырып, олардың рухани байлығын, білімге деген құштарлығын оятқымыз келді. Олар — ертеңгі ел көшін бастайтын азаматтар. Бірін-бірі құрметтеген, тыңдай білген ұрпақ қана нағыз тұрақтылықты сақтай алады, — дейді ұйымдастырушылардың бірі.

Иә, мұндай сайыстар — жастар арасындағы рухани байланыс пен ұлтаралық татулықтың жарқын көрінісі. Түрлі ұлттардан құралған командалардың бір аланда бас қосып, білімде бақ сынасуы — елімізде сенім, теңдік және өзара құрмет секілді ең қымбат құндылықтардың орныққанын айғақтайды.

Сайыстың әрбір сәті — парасат пен бірліктің, достық пен мәдени сабақтастықтың салтанаты болды. Жеңіс тұғырына шыққан командалар ынтымақ пен бірлікте де жеңіске жеткен ұрпақтың өкілдері десек, артық болмас.

Мұндай игі бастамалар — болашаққа салынған рухани инвестиция. Олар жас ұрпақты білімнен қаруландырып қана қоймай, адамгершілік пен ұлтаралық татулық рухын да тәрбиелейді. Бұл, өз кезегінде болашағы айқын, жүрегі ояу, ойы сергек азаматтарды қалыптастыру жолындағы сенімді қадам.

Отанымыз әрдайым елімізде өмір сүріп жатқан барлық ұлт пен ұлыстардың тен мүмкіндігін қамтамасыз етіп, олардың мәдени, тілдік және тарихи ерекшеліктерін сақтау мен дәріптеуге баса назар аударып келеді. Бүгінгі “Достық кубогы” атты шара да сол саясаттың өміршендігі мен нәтижелілігінің жарқын дәлелі.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Ой иірімдері

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Сөз құдіреті жайлы тарихтан белгілі болған, осы күнге дейін оқып, естіп жүрген жайттар көп. Олардың қайсысын алсақ та әдемі, тек әдеби тілдік нормада ғана емес, тіпті қарапайым, күнделікті өмірде де тамаша қолданылып келген. Сөз құдіретінің арқасында адам баласы талай тығырықтан шығып, ауыр кезеңдерді артта қалдырған. Әсіресе баяғы заманда дар астында тұрған тұтқындардың да тауып айтқан екі ауыз сөздің құдеретімен аман қалғаны көп. Яғни қызыл тілдің көмегінде шыққан көкейдегі сөз күшінің адамзатқа тигізер пайдасы орасан зор, тәрбиелік мәні мен әсері де көп. Бұған бұрынғыдай адам басындағы қиын-қыстау заманнан ғана емес, тіпті бүгінде де оны өмірлік мысалдардан, бізді қоршаған ортадан немесе күнделікті өмірде де куәсі болып жүрміз.

Бұған мысал ретінде мына бір сюжетті жағдаймен бөліскім келді. Тар жолдың бойында алаканын жайған, егде жастағы қайыршы отыр. Алдына қойылған кішігірім ыдысы бос тұр. Жанына “Менің жағдайым нашар, маған көмек беріңіздер” деген жазулы картон қағаз қойылған. Сырттай қарап, қайыршының іс-әрекетінен, кимыл-қозғалысынан оның көзінің соқыр екенін анғару қиын емес. Жол тар болғанымен арлы-берлі өтіп жатқан жолаушылар легі үзілмейді. Бірақ тар жолақтан қанша адам өтсе де алаканын жайған қайыршыға ешкімнің қарайтын, мән беретін түрі жоқ.

Арадан біраз уақыт өткен соң қайыршының қасына бір жас қыз келді. Қыз бір қайыршыға, бір жазуға қарап, біраз уақыт үнсіз тұрды. Көзі көрмегенімен қайыршы жаңына келген адамды сезді. Қыз картон қағазды қолына алды да, ондағы жазуды өшіріп, бірденелерді қайта жазып, картон қағазды орнына қойды. Сосын көп кідірмей, ол жерден кетті. Арадан біраз уақыт өтер-өтпес, арлы-берлі өткен жолаушы-

лар әлгі қайыршының алдында біраз кідіріп, сосын бос тұрған ыдысына тиын-тебендерін салып кете бастады. Түскен тиын-тебеннің сынғырлаған дыбысымен, тіпті азғана уақыттың ішінде ыдыс ақшаға толды. Көзі көрмесе де адамдардың көмегіне риза болған қайыршының қуанышында шек жоқ. Көп ұзамай әлгі жас қыз қайыршының алдына келіп, маңағы кейпінде біраз үнсіз қарап тұрды.

Жаратқанның құдіреті болар, адамның көз жанары көрмегенімен сезім мүшелері басқаларға қарағанда жақсы дамытын көрінеді. Яғни адам көзімен көрмесе де сезу, анғару қабілетімен айналаны, маңайдағы болып жатқан құбылыстарды сезе алады. Егде жастағы қайыршы кісі қасына келіп тұрған әлгі қызды бірден байқады. Одан:

— Сен қағазға не деп жаздың? — деп сұрады. Қыз оған:

— Ештеңе, жай ғана ондағы жазуды өзгертіп, қайта жаздым, — деді.

— Яғни қағазда “Бүгін өте тамаша күн, бірақ мен оны көре алмаймын” деп жазылған еді.

Бала кезімізде көп естіген тағы бір мынадай мысал бар.

Баяғыда елді билеген патша түнде ұйықтап жатып түсінде аузындағы бүкіл тісінің түсіп қалғанын көреді. Көрген түсінен шошып оянған патша, түсінің жорамалына қатты қызығады. Танертен бар уәзірін жинап, көрген түсін баяндайды. Сонда бір уәзірі:

— Уа хан ием, көрген түсіңіздің жорамалы бойынша бар туған-туысыңыз сізден бұрын қаза болатын көрінеді дейді. Суық хабарға ызаланған патша ашуға бұлығып, дереу жөңдетерін шақырып, әлгі уәзірдің басын кесуді бұйырады. Мұнымен тоқтап қалмай, патша тағы да уәзірлерінен түстің жорамалын, болжамы қалай болатынын сұрайды. Ханның қаһарынан қорыққан уәзірлер ханға беттей алмай тұрғанда арасынан сөзі салмақты, айтар сөзін білетін бір уәзір шығып:

— Хан ием, көрген түсіңіз жақсы екен. Алланың қалауымен, сіздің өмір жасыңыз ұзақ болады. Бауырларыңыздың арасында сіздің ұзақ ғұмыр кешуіңізді дәлелі бұл дейді.

Уәзірдің түс жоруына, жақсы жорамалына көңілі толған ханның қуаныштан жанары жайнап, кеудесін көтеріп, уәзірге сый-сияпат бергізеді.

Келтірілген мысалдардағы екі жағдайда да адам өмірінде сөздің алатын орнын, оның атқаратын рөлін көруге болады. Бір сөзбен айтқанда, сөз деген ұғым біреу болғанымен әдемі етіп, орайын келістіріп қолданудың жөні бір басқа екенін анғару қиын емес. Яғни кез келген сөздің жай сөз екенімен қоса оның тамаша құдіретін жүзеге шығару адам баласының тапқырлығы мен білімділігінде, зейінділігінде көрініс табады.

Әрине бұлар дереккөздерден келтірген, өзім көріп-естіп немесе оқи отырып қорытынды шығарған мысалдар. Жоғарыда айтқандай, мұндай мысалдар күнделікті өмірде де, тіпті қарапайым қарым-қатынас барысында да кездесіп жатады.



Бірде шаруаларыма байланысты банк мекемесіне бардым. Төлем бойынша банк арқылы ақша өткізіуім тиіс. Түстен кейінгі уақыт болғанымен, кезегін күтіп отырған адамдар баршылық. Мекеменің қызметі сағат 18:00-ге дейін болғанымен, төлемдерді өткізу, ақша қабылдау, яғни кассамен жұмыс істеу сағат 17:00-ге дейін етіп белгіленген. Уақыт таып қалған, мен барған кезде кіре берісте тұрған банк қызметкері келген клиенттерге нөмір беруді де тоқтатып қойыпты. Яғни бұған дейін нөмір алған клиенттерге қызмет көрсетіледі, келген клиенттер бос қайтпаиды, сонымен бүгінгі жұмыс уақыты аяқталады.

Қасақана картадағы ақшаны бүгіннен қалмай өткізіуім керек. Айтылған мерзімнің соңғы күні. Дегенмен ол жерде мен сияқты кеш барып, нөмір ала алмағандар да бар екен. Менен бұрын кезекте тұрған формалы жігіт кассаның жанында тұрып, компьютерден көзін үзбей, ара-арада чек қағазын толтырып жазып отырған қызға бірденелерді айтуда. Банк қызметкері де ара-арада басын көтеріп, жауап беріп отыр. Бірақ көп ұзамай әлгі жігіт кассаның жанынан ұзақтады. Шықпаған жаннан үміт дегендей, мен де алпақ, әдеміден келген қызға өз шаруамды айттым. Яғни төлемге қатысты жайымды, бүгін соңғы күн екенін айтып, өтінішімді түсіндіруге тырыстым. Сөйтсем, банк қызметкері өзіне жарасқан нәзіктікпен және тартымдылықпен:

— Құрметті клиент, сіздің өтінішіңізді орындай алмаймын, біздің

жұмыс уақытымыз аяқталуда, касса-ны жабуым тиіс, — деді.

Мен біраз уақыт кідіріп қалдым, қызметкер қыз өз сөзін байсалдылықпен әдемілеп түрде жеткізді. Мен кілт тоқтадым да, ары қарай үндей алмадым, бағанадан бері, адамдар арасындағы өзара жай қарым-қатынас деңгейінде, яғни өтініш мағынасында айтып отырған сөздерім де, ойым да бір сәтте тұман тәрізді тарап кетті.

— Жарайды, — деп өз жөніме кеттім.

Әрине банк қызметкері ресми стилде сөйлеп отыр. Мүмкін қызметкер “жоқ олай етуге болмайды, мүмкін емес, т.с.с. сөздерді қолданғанда менің де, менің қасымда тұрған мен сияқты өтініш жасайтындардың сөзі де көбейе түсетін бе еді?”. Бірақ оның сол артықшасыз, бір ауыз айтқан сөзі маған жектілікті өді. Оның үстіне бұл өзіміздің жаргонда айтылатын “өзінше болды”, “кісімісінің сөйлеп отыр” деген жағдай емес-ті. Өйткені банк қызметкерінің сөйлеген сөзінің артында тәкаппарлық, ашу-ыза да бой көрсеткен жоқ. Ол жай ғана өзінің өкілеттігі аясынан ауытқымай, клиенттің де, өзінің де құрметін сақтай отырып сөйледі.

Иә, бұл менің айтылған бір ауыз сөздің құдіреті талай істі тындырып, бар нәрсені өз орнына қоя алуына көз жеткізіуім мен сенімім еді.

Өмірде адам үшін ең әдемі, құлаққа жағымды сөз, әрине оның есімі деп жатады. Бұл сөздің шындыққа қаншалықты жанасымды екенін талай рет куәсі болудамын.

Жұмыс бабымен таныған-таныман, үлкенді-кіші адамдармен тілдесіп жатамыз. Өз басым өзімнен кіші жастағылардың атын сұраймын. Бір байқағамын, тілдесу барысында сол адамның есімін айтып шақыру немесе қайырласатын кезде есімін айтып қайырласу адамға, әсіресе сол адамның өзіне ерекше әсер ететін көрінеді. Бұлай деуге себеп, басқалардың да маған өз атымды айтып сөйлегені жағымды естілгендіктен, басқаларды да солай деп ойлайтынмын. Дегенмен бұл тек менің ойым ғана емес, шындық екен.

Әдетте көптен адамға немесе бірінші көріп тұрған адамға “інішек, бауырым, бері қарап жіберші”, егер үлкен болса, “көке, ағай, әпше, жөңгей, апай” тағы басқа да атаулармен шақырғанға қарағанда адамның өз есімін қолданудың немесе үлкендерге пәленше апай, түгенше аға деп айтудың артықшылығы көп көрінеді. Бұл жұмыс барысының ресмилік нүктесінен тыс, арадағы қарапайым қарым-қатынасты жолға қояды. Тура бір бірінші рет көріп тұрған адаммен емес, бұрыннан танытын адамдардай тілдесу де жақын әрі еркін түрде өтеді. Екіншіден, жоғарыда айтқан, әлемдегі ең әдемі сөз өз есімінің аталуы адамның көңіл күйіне жақсы әсер етеді. Яғни, мұндағы сөздің күші, әсерлілігі жанына жақын болған өз есімінің толық аталуымен байланысып тұр.

Иә, бұлар менің түсінігім мен көзқарасымнан тауындаған жайттар. Қазіргі жастардың тілінде қолданылып жүрген “нүктесіне ұрды” деген диалект ұғым да сөздің өз орайымен қолданудың дәлелі. Яғни біз айтып отырған сөз құдіретінің қазіргі заманғы, әсіресе жастар тіліндегі көрінісі. Әрине, мұнда мағынасы саяз, былапыт сөздермен емес, әдемі әрі бір ауыз сөзбен түсіндіріп қоя алатындары жеткілікті.

Жалпы айтқанда, біз айтқан сөздің құдіреті әдебиетте қолданылатын біз үшін алыс болған, күнделікті өмірде қолданылмайтын әдеби және көркем сөздерде ғана емес, өзімізде жатыр. Алайда, мұнда кітаптың пайдасы, шығармалардың үлесі орасан зор. Дегенмен, оларды мысал үлгісінде келтіре отырып, орында қолдана білуімізде, айналаны анғарып, төніректі тереңірек түсінетін санамызда жатыр.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА

Нұрлы жол

Векель - дизайн, дизайн - векель

Құрылтайшылар:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі
Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығалды. Таралымы — 3698

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырма пікірі редакция көзқарасымен сөйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісіміңіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

9 772010 634001

Кезекші редактор: Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырме Г — 926.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 13.00 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738